



ОРЫН САНАУЛЫ,
ҮМІТКЕР КӨП

4-БЕТ | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



АЛДЫН АЛУ
МАҢЫЗДЫ

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



СУИЦИДТИҢ
АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ

МӘЖІЛІС ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

ELORDA.INFO

№17
(4450)
Сенбі
11 ақпан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана қаласының орталық кассасы 11 ақпанда профилактикалық жұмыстарға байланысты жұмыс істемейді.

«Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайында орналасқан орталық касса профилактикалық жұмыстарға байланысты жұмысын бір күнге тоқтатады. Касса жұмысы дүйсенбі, 13 ақпанда белгілі кесте бойынша қайта жалғасады. Басқа күндері қалыпты жұмыс істейді» делінген СТС компаниясының хабарламасында.

Бұл кассада жеңілдікпен жүретін және оқушыларға қоғамдық көлікте жүретін билеттер беріледі. Касса жұмыс күндері 9:00-ден 18:00-ге дейін (соңғы талон сағат 17:45-ке беріледі) үзіліссіз істейді. Жексенбі – демалыс күні.



11-13 ақпан аралығында еліміздің бірқатар өңірінде қалың қар жауып, қатты жел соғып, көктайғақ болатыны ескертіледі.

«Қазгидромет» РМК жариялаған мәлімет бойынша Қазақстанның барлық аумағында ауа райының тұрақсыз сипаты сақталады. Атап айтқанда, қар жауады, тұман болады. Жел 15-23 м/с күшейеді.

Астанада ертең ауа райы -24, -26 градусқа дейін суытып, қар жауып, желдің күшеюіне байланысты бұрқасын болуы мүмкін.



МЕМЛЕКЕТ КӨМЕКТЕСЕДІ

Мемлекет 70 мың қазақстандықтың жалға алған үйінің арендасының жартысын төлеуге көмектеседі.

2023 жылы субсидиялау бағдарламасына 50 млрд теңге бөлінеді. Аталған бағдарламаға қатысу үшін өтінішті otbasybank.kz платформасына жіберуге болады. Субсидиялауға өтініштер электронды цифрлы қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қабылданады. Сонымен қатар жалға берілетін тұрғын үйді азаматтар өзі іздеп, таңдауы тиіс. «Отбасы банк» тұрғын үйді жалға алу бойынша субсидияларды жалдау шартының қолданылу мерзімі мен төлемдердің кестесіне сәйкес ай сайын төлейді.

БЕРІК ОТБАСЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Отан отбасынан басталады. Шын мәнінде, елдің дәулеті әрбір отбасының тіршілігінен құралады. Демек, отбасы құндылығы қоғамның тұрақтылығын, әлеуметтің дамуын айқындайды. Осы орайда бала тәрбиесі, баланың құқығын қорғау, баланың болашағына қызмет ету мемлекеттің ең маңызды мәселесінің бірі болуы керек.

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

19 наурызда өтетін Мәжіліс және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауына байланысты елордадағы сайлау учаскесін бірнеше тәсілмен онлайн анықтауға болады.

Астана қаласының әкімдігі сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде мынадай тәсілдермен алуға мүмкіндік беретінін жариялады:

1. Веб-қызмет: <https://sailau.astana.kz>
2. Telegram-дағы чат-бот: https://t.me/sailau_astana_bot
3. Smart Astana мобильді қосымшасы
4. iКопек бірыңғай байланыс орталығы, «109» телефоны бойынша

Азаматты дауыс берудің нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның тұрғылықты жері бойынша, сол сияқты аталған учаскенің аумағында тіркелу фактісі негіз болып саналады. Мекенжай мәліметтерін тіркеу, түзету және тексеру үшін egov.kz «электронды үкімет» порталына жүгіну қажет, онда «азаматтық, көші-қон және иммиграция – халықты тіркеу және тіркеу есебінен шығару» бөліміне немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет болады.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты қабылдады. Президентке осы жылдың қаңтар айындағы криминогендік ахуал туралы ақпарат берілді.

Министрдің мәліметіне сәйкес, кешенді алдын алу шараларын жүзеге асыру нәтижесінде кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тонау, ұрлық, бұзақылық, мал ұрлығы, сондай-ақ көшеде жасалған қылмыстар саны айтарлықтай азайған. Қасым-Жомарт Тоқаевқа көші-қон жағдайы, ұйымдасқан және есірткі қылмыстарына қарсы шаралар, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен жолкөлік оқиғаларының алдын алу жұмыстарының нәтижелері жөнінде баяндалды.

Марат Ахметжанов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған Президент бекіткен тұжырымдамасы аясында полиция қызметкерлерінің адалдығын тексеру (integrity check) жөніндегі қанатқақты жобаның алғашқы нәтижелері туралы есеп берді.

Министр шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстарының барысы жайында да айтты. Сондай-ақ қоғаммен бірлесе отырып, Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз

етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленіп жатқаны туралы баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы азаматтық қоғам өкілдері мен журналистерге қарсы бағытталған заңға қайшы әрекеттерді және арандаушылықты әшкерелеу жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Сонымен қатар Президент еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ТҰЖЫРЫМДАМА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің Атырау қаласында көшпелі отырысы өтті.

Жиында Мемлекет басшының тапсырмасымен дайындалған Жастар саясаты жөніндегі тұжырымдаманың жобасы таныстырылды. Оны әзірлеуге кеңес мүшелері белсенді қатысты. Тұжырымдама жастар саясаты бағытындағы жұмысқа тың серпін береді.

Кеңес отырысында «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасында

айтылған негізгі мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, жас қазақстандықтардың көзқарасы, сұранысы және құндылықтары жайында ақпарат берілді. Мемлекеттік кеңесші маңызы бар шешімдерді қабылдау ісіне жастарды тартудың өз нәтижесін бергенін жеткізді. Қазірдің өзінде кеңестің бірқатар мүшесі бірнеше саяси ұйымның пар-

тиялық тізіміне енгенін және кейбірі Парламент Мәжілісіне бір мандатты округтер арқылы сайлауға түсіп жатқанын айтты. Отырыс соңында Ерлан Қарин кеңес мүшелерін жастар саясаты жөніндегі күн тәртібін қалыптастыруға және ілгерілетуге белсенді қатысуға, қазақстандық жастардың әлеуетін қолдап, іске асыруға шақырды.

ДЕПУТАТТАРҒА АЛҒЫС АЙТТЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жетінші шақырылған қалалық мәслихат депутаттарына атқарған жұмыстары үшін алғыс білдірді.

Бұрынғы депутат Назгүл Мақжан бұл жиынның дәстүрлі отырыстан бір ғана айырмашылығы – әріптестерінің депутаттық белгілерінің жоқ екеніне назар аударды. Астана әкімі Жеңіс Қасымбек шақырылымның барлық қатысушысына алғысын білдіріп, естелік сыйлық тапсырып, табыс тіледі.

«Шынында да, екі жыл ішінде депутаттар қыруар жұмыс атқарды. Бұл жай ғана сөздер емес. Елорданы дамыту бойынша негізгі құжаттарды қарау, қала тұрғындарымен тұрақты кездесулер, бірқатар нысанға бару, көптеген депутаттық сауал және тағы басқалар. Әрине, өз басым депутат ретінде үлкен тәжірибе жинақтадым, ол менің болашақ қызметімде пайдалы болатыны сөзсіз. Ең бастысы, өз округім – Үркер ауданының тұрғындары арасында, астаналықтар мен әріптестер ішінен көптеген достар мен ниеттестер таптым» деді Назгүл Мақжан.

Ол сайлаушылар бұл жұмысқа объективті баға беретінін қадап айтты.

«Мен депутаттық мандатимды тапсырғаныммен, бұрынғы әріптестерімді қайта көріп, «галстуксіз» форматта өткен жүздесуден ұшантеңіз әсер алдым. Айтпақшы, кейбір әріптестерім келесі шақырылымда өз бағын сынап көруі мүмкін. Болашақ халық депутаттары халықтың сенімін ақтайды және елорданың өмірін жақсарту үшін одан да көп



күш жұмсайды деп сенемін» деп сөзін түйіндеді Н.Мақжан.

Жетінші шақырылымның депутаты Азамат Айтхожин алдағы сайлауда өз кандидатурасын қайта ұсынатынын жеткізді.

«Мен үшін Аманат партиясынан Астана қаласының бір мандатты округі бойынша қалалық мәслихат депутаттығына үміткер болу – үлкен жауапкершілік және үлкен мәртебе. Біздің алдымызда көп жұмыс бар. Сайлауды бағдарлама барысында мен тұрғындардың талап-тілегін, ұсынысын тыңдаймын, проблемалық мәселелерді зерттеуге күш саламын. 19 наурызда өтетін сайлау үлкен өзгерістердің нақты механизмін көрсетеді. Бұл – еліміздегі маңызды саяси процесс, ол бізге дұрыс бағытта дамуға мүмкіндік

береді» деді Азамат Айтхожин. Мәслихаттың бұрынғы депутаты Владислав Сергеев Аманат партиясынан елордалық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылды.

«Мен Астананың №1 округін таңдадым. Оған Оңтүстік-шығыстағы тұрғын ауданның оң жағы кіреді, онда екі жыл ішінде көп жұмыс жасалды. Б.Момышұлы даңғылындағы үйлер, сондай-ақ «Хайвил», «Қалалық романс», «Ақбұлақ», «Энергетик» тұрғын үй кешендері және Б.Майлин көшесі мен Тәуелсіздік даңғылындағы кейбір үйлер осыған мысал бола алады. Бұдан да көп жұмыс істелуі керек. Тұрғындардың қолдауымен қаланы жақсы жағына өзгертімізге сенімдімін» деді ол.

50 ТОННА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРЕДІ

Президент тапсырмасымен жер сілкінісінен зардап шеккен Сирия Араб Республикасына мемлекеттік материалдық

резервтен консервіленген өнімдер, жылы киім-кешек, қысқы шатырлар, керулет пен төсек-орын жабдықтары бөлінеді.

Жүк Ислам ынтымақтастығы ұйымының желісі бойынша Алеппо қаласына төрт әуе рейсімен жеткізілмек.

БАЙҚОҢЫРЛЫҚТАРДЫ НЕ АЛАНДАТАДЫ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Байқоңыр ауданының тұрғындарымен кездесіп, халықты толғандырған көптеген сауалға жауап берді. 5 сағаттан аса уақытқа созылған кездесу барысында тұрғын үй кешендерін жаңғырту, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді (саябақ, гүлзар) абаттандыру, жолдар мен тротуарлар салу, жарықтандыру жүргізу, қосымша автобустарды іске қосу және басқа да проблемалар қозғалды.

Негізгі проблеманың бірі – апатты күйдегі тұрғын үйлерді бұзу.

«Қазіргі уақытта қалада мұндай 200-ден аса үй бар. Біз тізімді жаңартамыз, осылайша апатты үйлердің саны да артады. Оларды бұзу кестесін жасаймыз. Алдағы 3 жылда апатты, тозығы жеткен үйлердің тұрғындарына арнап 2,5-3 мың пәтер салуды жоспарлап отырмыз» деді Ж.Қасымбек.

Астана әкімдігі Кірпішті, Күлтегін, Асан қайғы көшелеріндегі ескі үйлерді сүріп тастауға 20 млрд теңгеден астам қаражат жұмсамақ. Кездесуде тұрғындар Ю.Малахов көшесінің көлік өткізу қабілетін көтеру туралы мәселе көтерді. Халықтың айтуынша, бұл көше теміржол өткелімен қиылысып жатқандықтан, өрт сөндіру қызметі

мен жедел жәрдем көліктерінің өтуін қиындатқан.

«Бұл ауданда бұзуға жататын үйлер өте көп. Бүгін таңертең сағат 9.00-де Кірпішті, Күлтегін, Асан қайғы көшелерінде болдық. Бұл учаскеде биыл үйлерді сүру жұмыстары белсенді жүргізіледі. Биыл мүмкіндігінше бәрін аяқтауға тырысамыз. Сондықтан осы учаскелердегі жұмыстарды бітірмей, сіздер айтқан шағын айналма көпірге кіре алмаймыз. Әрі көп ақша қажет екенін түсіну керек. Жоба бұған дейін қолға алынған. Біз соны аяқтаған соң барып көпір мәселесіне кірісеміз» деп түсіндірді әкім.

Аудан тұрғынының қала автобустарының жетіспеушілігіне байланысты сауалына жауап берген қала басшысы Астананың автобус паркi 25-30

пайызға жаңартатынын жеткізді.

«Жағза қарай алғашқы автобустар келеді. Барлығы 300-500 аралығында жаңа автобус сатып аламыз. Бұл қазіргі автобус паркiнің 25-30 пайызын құрайды» деді әкім.

Жаңа автобустар жеткізілген соң, автобус бағдарларының жеткіліксіз тармақтары мен жаңа бағыттарына пайдалануға беріледі.

Кездесуде қалаға әкелініп жатқан көмірдің сапасы нашар екені айтылды.

«Көпқабатты үйде тұратын халықтың ауа сапасы туралы шағымына жауап бергім келеді. Ауаны ластап жатқан біз емес, сапасыз көмір. Қашан бізге сапалы отын әкеледі? Бұрын Шұбаркөлдің көмірін әкелетін. Оны жаққанда, мұржандан шыққан түтін әрең көрінетін. Ал қазір

қара түнек басып кетеді. Кейінгі үш жылда осындай мәселе пайда болды. Бізге әкелетін көмірді мазутпен майлап қоятындай тіпті. Жақсаң, жылуы жоқ. Онымен қоймай үйдің ауасын бұзады. Жақсы көмірдің бәрі экспортқа кетіп жатыр ма деген күдік туындайды» деді ауданның бір тұрғыны.

Жеңіс Қасымбек көмір сапасын тексеруге уәде берді.

«Шұбаркөл көмірі экспортқа жіберілмейді. Ал сіздер жағып отырған көмір сапасына келсек, тексереміз. Тұрғындар көмір сатып алып жүрген учаскені барып тексеріңіздер. Ондағы көмір талапқа сай ма, жоқ па, анықтау керек» деді қала әкімі.

«Есіл жағалауының Ақбұлақ өзенінен Триатлон парке дейінгі учаскесі қорқынышты жағдайда тұр. Қашан көрсен сымдар

қылтып шығып жатады, жол жиегіне төселген тас төсеніштер қопарылып жатады. Вандализм өршіп тұр» деп шағымданды аудан тұрғыны.

Әкім бұл мәселе биыл шешімін табатынын айтты.

«Абаттандыру бюджеті туралы айтсақ, биыл көгалдандыруға, тротуарлар мен парк аймақтарына бөлінетін бюджет айтарлықтай артады. Оның ішінде Байқоңыр ауданы да бар. Есіл жағалауы туралы Мемлекет басшысының да тапсырмасы бар. Сіз айтып отырған учаске ғана емес, бүкіл жағалау абаттандырылады» деді Жеңіс Қасымбек.

Тағы бір маңызды мәселе – инженерлік инфрақұрылым салу. «Қалада тіршілікті қамтамасыз ету жүйелеріне арналған нысандар салып жатырмыз,

олар қалаға жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, электр қуаты бойынша қосымша күш береді. Сол сияқты әлеуметтік нысандарды салуды жалғастырамыз: алдағы оқу жылында 13 мектеп саламыз, оның бір бөлігі Байқоңыр ауданында орналасады. Сондай-ақ жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй, медициналық орталықтар, спорт орталықтары және тағы басқа нысандар саламыз. Көтерілген мәселелерді орындау бойынша кесте жасаймыз: олардың бір бөлігі биыл шешіледі, ал өзгелерін келесі жылға жоспарлаймыз» деді қала басшысы.

Ол мұндай кездесулер тұрақты түрде өткізілетінін, барлық аудандар мен елді мекендердің тұрғынымен кездесетінін айтты.

ПРЕЗИДЕНТ ҚҰТТЫҚТАУЫН ТАПСЫРДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбайды қабылдап, 65 жасымен құттықтады. Ақынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын тапсырды.

– Еңбек жолыңызда отандық баспасөз саласында жемісті жұмыс жасап, халқымыздың рухани-мәдени байлығын арттыра түсуге атсалыстыңыз. Шығармашылық ізденістеріңіз өз нәтижесін беруде. Шалқар шабыттан туған лирикалық өлеңдеріңіз оқырмандардың жоғары бағасын алып келеді. Алдағы уақытта елдің бірлігін, сұлу табиғатты, өмірдің жарқын сәттерін жауһар жырларыңызбен айшықтап, абырой биігінен көріне беруіңізге тілектеспін, – делінген Президент құттықтауында.



АСТАНА-БАНГКОК КӨРМЕСІ

Таиланд Корольдігі мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай өткен көрменің ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев пен Таиланд Корольдігі елшілігінің өкілдері қатысты.



– Бүгінгі таңда екі ел арасындағы тауар айналымы 260 млн доллардан асады. Оның ішінде негізгі бағыттары: ауыл шаруашылығы техникасы,

машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімдері, автомобиль, құрылыс техникасы және т. б. Сонымен қатар екі мемлекет туризм саласында өте белсенді

түрде ынтымақтастық орнатуда. Оның барлығы тікелей рейстің қайта жандануының арқасында болып отыр. Егер пандемияға дейінгі кезеңде туристер ағыны 50 мың адамды құраса, бүгінде бұл көрсеткіш артып жатыр, – деді Ерлан Бекмурзаев көрменің ашылу салтанатында.

– Осы іс-шараның арқасында екі ел азаматтары Таиланд пен Қазақстанның мәдениеті мен өмірін зерттеуге көбірек мүмкіндік алады. Аталған көрме екі ел арасындағы мәдени байланысты одан әрі нығайтуға қызмет ететініне сенімдімін, – деп Астана қаласы әкімінің орынбасары осы көрменің мән-маңызына да тоқталып өтті.

Көрме барысында Бангкок қаласынан екі ел елшілігінің өкілдері мен Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов телекөпір арқылы тікелей байланысқа қосылды. Осылайша көрме салтанатты түрде ашылды.

Таиланд Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы сенімді серіктесіне айналды. Таиланд астанасы – Бангкок пен Қазақстанның бас қаласы – Астана «бауырлас қалалар» атанды.

Көрме 12 ақпанға дейін өтеді. Көрме қонақтары жұмбақ сырға толы мыңдаған ғибадатханалар мен Таиланд турлары туралы мәліметтермен таныса алады.

Аяулым СЕРІКҚЫЗЫ

ЕЛОРДАДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Al-Fattah аталатын жаңа мешіттің ашылу салтанатына ҚМДБ төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

М.Нәрікбаев пен Әйтеке би көшелерінің қиылысында орналасқан мешіттің ашылуына діни мекемелер өкілдері мен қала тұрғындары келді.

Бас мүфти Астана қаласында ашылған жаңа мешіт имандылық тәрбиесіне үлес қосатын рухани ордаға, мейірімділік мекеніне, мәдени орталыққа айналатынына сенім білдірді. «Әзірет Сұлтан» мешітінің азаншысы Қайнар Базархан құран оқыды. Қазақ-



стан мұсылмандары діни бірлестігі атынан мешіт тұрғызылған азаматтарға алғыс жарияланды.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін жиналған жұртшылық жұма намазына қатысты.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Бас қалада Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы мемлекеттік басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті.

Іс-шарада мемлекеттік және жеке-меншік мектепке дейінгі ұйымдарда жемқорлықтың алдын алу шаралары, оларда балаларды тамақтандыру және мұғалімдер қауымын аттестациялау мәселесі көтерілді. Жиын аталған ұйымның төрағасы Владимир Савкиннің жетекшілігімен өтті.

Елордадағы 100 мемлекеттік балабақшаға 32 мыңнан астам бала, 354 жекеменшік балабақшаға 31 мыңнан астам бала барады. Бұл салаға Indigo цифрлық қызмет көрсету порталы мен Mindal электрондық қосымша білім беру жүйесінің енгізілуі жемқорлықтың

туындауына мүмкіндік береді. Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаевтың айтуынша, бүгінде жекеменшік ұйымдардың 99 пайызы бюджеттен субсидияланады.

Одан бөлек, электронды табыл толтыру арқылы ата-ана баласының тек бақшаға барған күні үшін ғана ақы төлейді. Жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жалпы білім беретін орта мектептер мен колледждерде де қолға алынған. Білім басқармасы әр оқу жылы басталардың алдында мектептің түрлі қажеттілігі үшін оқушылардан ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрық

шығарады. Бұл бұйрық ата-аналар тобында да жарияланады. Сонымен қатар 96 мектепте жемқорлықтың алдын алуға бағытталған «Адал ұрпақ», ал колледждерде «Саналы ұрпақ» клубы жұмыс істейді.

Қоғамдық кеңес отырысында астана-лық бірқатар балабақшаның меңгерушісі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаменті бастығының орынбасары Ілияс Базылов сөз сөйлеп, ой-пікірін қосты. Мұнда көтерілген мәселерге уәж айтушылардың ұсынысы мен ескертуін ескере отырып, бірауыздан қабылданып, хатталды.

САЙЛАУ-2023

01.02.2023 жылғы 05-Ө бұйрығына №1 қосымша

«Elorda Aqparat» ЖШС, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына, сондай-ақ ҚР Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» және 2023 жылғы 19 қаңтардағы «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлықтарына сәйкес, «Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің және «Elorda Info» желілік басылымының меншік иесі 2023 жылғы 19 наурызда сайлауға қатысатын барлық деңгейдегі ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

8 (7172) 42-43-52, 8-708-160-81-23, Асыл Сұлтанова
Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к-сі, 13

Басылымдарға материал беру «Elorda Aqparat» ЖШС-пен жасалған 2023 жылғы 19 наурыздағы кезектен тыс сайлауға қатысатын ҚР Парламенті Мәжілісінің немесе барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттығына тіркелген кандидатқа баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңын беру туралы жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-пен басылымдарға орын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) «Elorda Aqparat» ЖШС-тен сайлау алдындағы үгіт жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады.

Мекемеге жіберілетін жазбаша өтініште мынадай ақпарат болуға тиіс:

- Жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- Жазбаша өтініш берген кандидаттың ТАӘ, сенім білдірілген тұлғаның ТАӘ;
- Тұлғаның жазбаша өтініш беруге өкілетін растайтын құжат – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- Басылымдарға берілетін материалдың жоспарланған көлемін және оны беру уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- Кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді «Elorda Aqparat» ЖШС 2023 жылғы 18 ақпаннан 17 наурызға дейінгі күнді қоса алғанда, күн сайын сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін, демалыс және мереке күндерінен басқа, Астана қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша 222-кабинетте қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Баспа материалдарын орналастыру кезегін «Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіттік баспа материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС модульдер немесе мақалалар түрінде шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға қол қойған газеттер шыққан күнге дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС үгіттік баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіп-

сіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табыну идеяларын жариялауды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілгендерді құруды қараған жағдайда және заңнамада көзделген өзге де негіздерде оларды орналастырудан бас тартуға құқылы.

«Elorda Aqparat» ЖШС кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы хабарламада көрсетілген басылымдарға материал беру шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Басылымға материал ұсынғаны үшін төлем мөлшері:

«Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің беттерінде жарияланымның 1 шаршы см орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 1265 теңге.

Газеттердің «vchastana.kz» «astana-akshamy.kz» сайттарында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында жарияланымның қайталану құны, ҚҚС қоса алғанда – 30000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында тапсырыс беруші ұсынған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) орналастыру құны, ҚҚС қоса алғанда – 40000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымында орналастырылған мақаланы (2500 белгіге дейін бос орны бар) жазу құны, ҚҚС қоса алғанда – 80000 теңге.

«Elorda Info» желілік басылымына тапсырыс беруші ұсынған баннерді орналастыру құны ҚҚС қоса алғанда мынадай болады:

– Баннер жоғары жағына қойылса – 1000*90 pxl (1 тәулік) 6000 теңге;

– Баннер орта жағына қойылса – 1000*90 pxl (1 тәулік) 5000 теңге;

– Баннер бір қапталына қойылса – 350*300 pxl (1 тәулік) 4000 теңге;

– Баннер төменгі тұсына қойылса – 700*90 pxl (1 тәулік) 4000 теңге.

Төлем «Elorda Aqparat» ЖШС қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

Төлем тиісті шартта көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банк деректемелеріне жіберіледі.

О. СЫДЫҚБЕК,
«Elorda Aqparat» ЖШС директоры

16 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

Елордада қала көшелерінің, жолдары мен алаңдарының қары мен мұзын күреу бойынша жұмыс тәулік бойы жүріп жатыр. Оған күн сайын екі мыңға жуық жол жұмысшысы жұмылдырылуда.

9 ақпанға қараған түні қаладан 16 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 1286 ауыр жүк көлеміне тең.

Бейсенбі күні таңертең қар күреу жұмысына екі мыңнан астам жол жұмысшысы мен мыңға жуық арнайы техника тартылды. Қыс мезгілінің

басынан бері қар полигондарына үш миллион текше метрден астам қар немесе 241884 рейс шығарылды.

Қазір жұмысшылар көшелердегі үйілген қарды қала сыртына тасып, жаяу жүргіншілер мен көлік көп жүретін жерлерге техникалық тұз және құм аралас қоспа сеуіп жатыр.



ОРЫН САНАУЛЫ, ҮМІТКЕР КӨП

Алдағы сайлауда 7 партиядан 283 үміткер бәсекеге түседі. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) отырысында ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров мәлімдеді. Ол 9 ақпанда барлық өңірде Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттығына үміткерлерді ұсыну аяқталғанын айтты. ОСК сайлауға барлық 7 саяси партияны жіберген. Олар Мәжіліс сайлауына қатысу үшін 283 үміткерден тұратын партиялық тізімін комиссияға берген.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Константин Петров Мәжіліске саяси партиялар тізімі тұрғысынан статистика былайша түзілгенін келтірді: Қазақстан халық партиясы – 52 үміткер, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 54, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 19, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 18, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 25, Respublica партиясы – 25, Аманат партиясы – 90 үміткер.

Әрбір партиялық тізімде үш санаттағы өкілдер саны: әйелдер, жастар, ерекше қажеттілігі бар адамдар – жиынтығы партиясы оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрайды.

ОСК партиялық тізімге енгізілген адамдардың Конституция мен «Сайлау туралы» конституциялық заң талаптарына сәйкестігін бел-



гілеу үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрау жолдаған. Әрбір партиялық тізімді тіркеу мәселесі ОСК отырыстарында мемлекеттік органдардың жауаптарының түсуіне қарай егжей-тегжейлі қаралады. Сондай-ақ К.Петров Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 29 бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша 609 үміткер немесе орта есеппен бір мандатқа 21 адам ұсынылғанын, 79 үміткерді 7 саяси партия ұсынғанын, 5 үміткерді төрт қоғамдық бірлестік ұсынғанын, 525 немесе 86,21 пайызы өзін-өзі ұсынғанын хабарлады.

Ағымдағы сайлау науқанында республика бойынша 223 мәслихатқа 3415 депутат сайланады, оның ішінде 668-і – облыстық мәслихатқа, 617-сі – қалалық мәслихатқа, 2130-ы – аудандық мәслихатқа. Партиялар бөлінісінде мәслихатқа тізімдер статистикасы мынадай: «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 200 (20 өңір), Аманат партиясы – 699 (20 өңір), «Ауыл» халықтық-демократиялық

патриоттық партиясы – 136 (20 өңір), Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 93 (Қостанайдан басқа 19 өңір), Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – ұсынылмаған (20 өңір), Қазақстан халық партиясы – 182 (20 өңір), Respublica партиясы – 161 үміткер (20 өңір).

Бір мандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша облыстық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша 1720 үміткер, қалалық және аудандық мәслихаттар депутаттарын сайлау бойынша 10124 үміткер ұсынылды.

Константин Петров ұсыну қорытындылары туралы барлық ақпарат тиісті аумақтық сайлау комиссияларының сайттарында, сондай-ақ жиынтық ақпарат Орталық сайлау комиссиясының сайтында сілтемелер орналасқанын атап өтті.

Сондай-ақ өңірлерде мәслихат депутаттығына үміткерлерді ұсыну қорытындылары туралы аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары есеп берді, олар ағымдағы науқанның барысы, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына үміткерлерді

ұсыну нәтижелері және сайлау науқанын өткізу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы егжей-тегжейлі хабардар етті.

Үміткерлерді ұсыну науқанын қорытындылаған ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров, ұсынылған ақпаратқа сәйкес, тіркелген 7 саяси партияның барлығы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау бойынша 29 бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісінің 69 мандаты үшін саяси жарысқа қатысатынын немесе орта есеппен бір мандатқа 21 адам ұсынылғанын атап өтті.

Ең үлкен бәсекелестік – Астана қаласының 2 округінде 63 адамнан, ең азы – Ұлытау облысының округінде 8 адам.

«Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттығына үміткерлер арасында 119 партиялық тізім ұсынылған. Бұл тізімдерде 1471 үміткер бар. Мажоритарлық жүйе бойынша – 11844 үміткер. Жалпы, Мәжіліс пен мәслихат депутаттығына 14207 үміткер ұсынылуда» деп сөзін түйіндеді Нұрлан Әбдіров.

Андрей ЧЕБОТАРЕВ,
саясаттанушы:

МАЖОРИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ НАУҚАНДЫ ЖАНДАНДЫРАДЫ

– Қазақстандағы Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлаудың басты ерекшелігі, өткен жылғы өзгерістерден кейін ел Конституциясына және сайлау процесіне мажоритарлық жүйенің элементтері қайтып оралды. Енді Парламент Мәжілісінің 29 депутаты бір мандатты округтерден сайланады.

Қазірдің өзінде азаматтық белсенділер, қоғамдық пікір көшбасшылары Парламент Мәжілісіне үміткер ретінде өзін көрсеткісі келетін танымал адамдар тарапынан белсенділік байқалауда. Менің ойымша, бұл қазіргі сайлау науқанын айтарлықтай жандандырады.

Сонымен бірге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы «Сайлау туралы» заңға саяси партиялар үшін сайлау шегін 7-ден 5 пайызға дейін төмендету туралы түзетулер енгізілгені мәлім. Бұл түзетулер саяси партияларға Мәжіліске және ел



мәслихаттарына өтуді едәуір жеңілдетеді.

Үшінші өзгеріс – елде екі жаңа саяси партия пайда болды. Бұл – «Байтақ» жасылдар партиясы және Respublica партиясы. Олар «жаңа ойыншы әсерін» пайдалана алады, яғни сайлаушылар кейбір партиялардан жалығады және осы екі жаңа партияға немесе ең болмағанда жасылдар партиясына дауыс бере алады. Өйткені «Байтақ» 2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бастамашыл топ ретінде танымал. Ал Respublica партиясы жақында ғана пайда болды.

КАНДИДАТТАР ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ

Кеше елордада депутаттыққа үміткер кандидаттар мен аумақтық сайлау комиссиясы өкілдерінің отырысы өтті. Отырыста Қазақстан халық партиясы қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалынан елордалық мәслихат депутаттығына ұсынылатындардың партиялық тізімін бекітті.



Қазақстан Республикасының сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес, қажетті шарттарды ескере отырып, Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы ұсынған 13 адамның тізімін бекітіп, куәлік тапсырды.

– Тізімге 13 адам кірді. Олар барлық тиісті тексеруден өтіп,

талапқа сай деп қаралды. Қазақстан Республикасы сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабының бірінші тармағына сәйкес, 2021 жылы 10 қаңтарда өткен Астана қаласы мәслихат депутаттарын сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының 7,41% жинауына байланысты «Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы тиісті аумақтық сайлау округі бойынша сайлау жарнасын өтеуден босатылады, – деп түсіндірді қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Бақыт Бектемісова.

Сондай-ақ ол тіркеу аяқталғаннан кейін сайлаудың қажет шарттарын, тәртібін егжей-тегжейлі түсіндіру үшін кандидаттарды және оның сенімді өкілдерін жинап, үлкен семинар өткізуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

Айта кетейік, 18 ақпан күні 18:00-де кандидаттарды тіркеу аяқталады. Сол сәттен бастап тізімге енген азаматтар сайлауалды насихат жұмысын жүргізеді.

ҚОҒАМ ДА ИНКЛЮЗИВТІ БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев мемлекетті алға дамытудағы ауқымды міндеттерді ашық көрсетіп, қарапайым халықтың жағдайын жете, терең түсінетінін, әлеуметтік-экономикалық салаларда орын алған кемшіліктер мен қиындықтарды еңсеруге бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту проблемасын ерекше атап өтті.

Биыл Президенттің бастамасымен сайлау тізіміне әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норма енгізілгені мәлім. Енді олардың қатарына мүмкіндігі шектеулі жандар да қосылмақ. Осылайша, олардың билік мінбесінде өз дауысын естіруге толық жағдай жасалады. Бұл норма депутаттық мандатты бөлу кезінде де қолданылады. Санаттағы өкілдердің – әйелдердің, жастардың, мүгедек адамдардың саны жиынтығы бойынша партия алған депутаттық мандаттардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Инклюзия Қазақстанда білім беру бағдарламасының көмегімен жұмылдыруды, сондай-ақ жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру процесіне тартуды білдіреді. Сол сияқты арнайы жеке білім беруді қанағаттандыру, әлеуметтік жағдаймен қамтамасыз ету – қазіргі кезеңде инклюзив бүкіл әлемдік қауымдастықта білім беру жүйесінің дамуындағы жетекші тренд болатынын айқындай түседі.

«Тұран-Астана» университетінде ерекше қажеттіліктері бар және мүгедектер үшін қажетті жағдайлар мен кедергісіз органы құру мәселесі ерекше назарға алынып отыр. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру арқылы университеттің әлеуметтік және рухани әлеуетін

арттыру жұмысы белсенді түрде жүргізіліп келеді. Әсіресе мүгедектер арбасында қозғалатын мүмкіндігі шектеулі жандар, көру қабілеті және есту қабілеті бұзылған ерекше қажеттілігі бар жастар үшін арнайы материалдық-техникалық база, кабинеттер жабдықталып, олардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалып отыр және үнемі жетілдірілуде.

Елімізде инклюзивті білім беру кең әлеуметтік аспектіге ие, өйткені тек жоғары білім ғана емес, мемлекет, бизнес және қоғамдық ұйымдардың қолдауымен біздің қоғам да инклюзивті болуы керек.

Жалпы, кез келген демократиялық мемлекеттің маңызды құрамдас бөлігі биліктің заң шығарушы тармағы болып табылады. Депутаттық корпус – біздің еліміздегі қоғамның саяси жүйесінің белсенді бөлігі.

Қазіргі Парламент – бұл ерекше құрылымы мен жүйесі бар билік институты. Өткен шақырылымдағы Мәжіліс пен мәслихат депутаттары ауқымды реформаларды іске асыруға атсалысты, шалғай аудандарды сайлаушыларымен кездесіп, қоғамның өзекті мәселелерін шешу жолында қоғамдық пікірталастарға қатысты.

Қалалық мәслихаттың депутаты ретінде мен де 50-ден астам түрлі іс-шараға, атап

айтқанда, сайлаушылармен, мектепке дейінгі және мектеп ұжымдарымен, өндірістік ұйымдармен, Астана қаласындағы түрлі әлеуметтік маңызы бар қайырымдылық шараларына қатыстым.

Азаматтар жалпыұлттық референдумда конституциялық реформаны қолдады, бұл Мәжіліс пен мәслихаттарға кезектен тыс сайлау өткізу үшін бастама болды.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі сайлау депутаттық корпус құрудың әділ ережелері бойынша өткізіледі, сондай-ақ кандидаттар мен партиялардың сайлауға дайындалуға уақыты жеткілікті екені атап өтілді.

Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастырудың жаңа моделі сайлаушылардың мүдделерін жалпыұлттық және өңірлік деңгейде неғұрлым нақты көрсетуге мүмкіндік береді, депутаттардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі артып, қоғам дамуының маңызды мәселелері бойынша пікірталастар белсенді өтетін болады.

Мен Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партиялық тізімдер бойынша, 30 пайызы бір мандатты округтер бойынша сайланатын, ал аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттарына сайлау тек бір мандатты округтер бойынша өткізілетін жаңа бастаманы қолдаймын.

Саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету де демократиялық принциптерге сәйкес келеді. Қазірдің өзінде біздің елімізде бірнеше жаңа саяси партия тіркелген.

Сайлау туралы «Тұран-Астана» университеті ұжымының пікірі мен көзқарасын білдіре отырып, сайлау қазақстандық қоғамды демократияландырудағы тарихи кезең болып табылатынын, ал жаңа депутаттық корпус Жаңа Қазақстанның үдемелі дамуының локомотивіне айналатынына сенімді екенін атап өткім келеді.

Гүлжамал ЖАПАРОВА,
«Тұран-Астана»
университетінің ректоры



**ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ**

**ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ**БИЗНЕС
СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ӨРТ
ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ**

Өрт – тілсіз жау. Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтама, кез келген кәсіпкер немесе бизнес өкілі опық жеп қалуы әбден мүмкін. «Отпен ойнауға болмайды». Бұл тек балаларға ғана айтылатын сөз емес. Кәсіп бастаған, шаруашылық меңгерген әрбір азамат мұны оқшаған қаперінде ұстағаны жөн.

Еркін Отарғалымұлы бұл мәселені бұған дейін де талай рет көтерді. Әсіресе, сәл нәрсеге бола шамдана қалатын кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігін сақтаудың бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, әдіс-тәсілін жан-жақты көрсетуге тура келген сәттер болды. Орта және шағын кәсіпкерлік нысандарын тексеруге мораторий жариялау – өрт қауіпсіздігін сақтауды бақылауды назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Әрине, бизнеске өкімшілік қысымды төмендету, оны мейлінше болдырмау керек шығар. Алайда кәсіпкерлерге өрт қауіпсіздігіне байланысты көрсетілетін әдістемелік көмектерге қандай жағдайда да кедергі келтірілмеуі керек. Қалалық өрт бақылау басқармасы қызметкерлері осы бағытта кәсіпкерлер палатасы, Аманат партиясы мен прокуратура өкілдерінің қатысуымен бизнес субъектісі нысандарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері бойынша 20 деңгелек үстел мәжілісі мен 9 брифинг өткізіпті.

Жыл басында өткізіліп отырған осы кезекті брифингте басқарма басшысы журналистер алдында тұжырымды есеп берді. Оның айтуынша, өткен жылы қалада өрт қауіпсіздігі желісі бойынша 1069 тексеру жүргізіліпті. Соның нәтижесінде өрт қауіпсіздігі ережесін бұзудың 4195 фактісі анықталған. Бұрын ескертілсе де осындай келеңсіздікке жол берген 352 адам өкімшілік жауапкершілікке тартылып, олардың 188-іне жалпы сомасы 15 млн 782 мың теңге айыппұл салынды. Ал Мемлекеттік өрт бақылау органдарының заң талаптарын орындамаған субъектілерге қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқық бұзушылық кодексінің 462-бабы 3-бөлігі бойынша хаттама толтырылып, 47 өкімшілік іс Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық өкімшілік сотына жолданды.

– Мемлекеттің бизнесті қолдауға байланысты қабылдап отырған кешенді іс-шараларды біз толық қолдаймыз. Демек, бізмен, бизнес субъектілерінде үнемі қадағалау мен бақылауды қажет ететін түрлі техникалық себептер бар. Ол біріншіден, электр құралдарының дұрыс пайдаланылуы. Екіншіден, өртке қарсы режимді қатаң сақтау. Үшіншіден, эвакуация, яғни өрт шыға қалған жағдайда сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа адамдардың тез көшірілуі. Міне, осы талаптарды сақтамайтын,

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Елорданың Коммуникациялар қызметі орталығында Бизнес субъектілерінің өрт қауіпсіздігі туралы Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт-бақылау басқармасының бастығы Еркін Отарғалымұлы баспасөз мәслихатын өткізді.

оған салдыр-салақ қарайтын басшылар бар. Біз осындай кемшіліктердің алдын алу үшін рейдтер ұйымдастырып, тексеріс жүргіземіз.

Ақауы бар электр құралдары мүлде пайдаланылмауы қажет. Қосалқы есіктер үнемі тексеріліп, оған баратын жол үнемі ашық болуы тиіс. Жұмысшылардың шылбыр шегетін орындары арнайы жабықталып, тазалық сақталуы керек. Соңғы бақылау кезінде бизнес нысандарында негізінен анықталғаны - ғимараттар мен құрылыстарды, эвакуациялау жолдарын, электр қуаты желісін, өрт автоматикасы мен өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін күтіп ұстауда, аумақты тазалауда және өртке қарсы режим кезінде жіберілген ереже бұзулар болды. Осыған байланысты бақылау субъектілеріне 2567 ақпараттық хат табысталды. Мекемелер мен кәсіпорындарда 427 жиын өткізіліп, оған 12856 адам қатысты. Үгіт-насихат бағытындағы 960 дәріс оқылып, түсінік жұмыстары жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша 15082 адамға 1109 нұсқаулық берілді. 99 өрт қауіпсіздігі бұрышы орнатылды, – деді Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы.

**ЕРЕЖЕНІ ҚАТАҢ
САҚТАҢЫЗ!**

Тұрғын үйлер мен пәтерлердегі өрт көбіне сол үйде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Қызыл жалын, тілсіз жау өмір бойы жиналған дүние-мүліктерді аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкеледі. Тексерсе келгенде, мұндай апаттың негізгі себебі: тұрмыстық электр және газ аспаптарының ақауы немесе дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, мас күйінде темекі тартып ұйықтап қалу, сондай-ақ электр сымдарын ережеге сай дұрыс жүргізбегендіктен екені анықталады. Осыған байланысты әр адам мынаны есте сақтағаны жөн:

- Электр және газ құралдарын қосуды күйде қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз;
- Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз;

**2022 ЖЫЛЫ ҚАЛАДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША 1069 ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛІПТІ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІН БҰЗУДЫҢ 4195 ФАКТІСІ АНЫҚТАЛҒАН**

- Электр есептегіштердегі электр сақтандырғыштар зауыттан дайындалған болуы тиіс;
- Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып, электр жүйесіне күш түсірмеңіз;
- Егер үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе, тез арада электр қуатын тоқтатып, шақырыңыз.

- Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз;
- Сіркені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- Бөлмені жылытуға бейберекет қолдан жасалған электр-жылытқыш құралдарын қолданбаңыз;
- Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз.

Өрт және жану оқиғасы болған жағдайда тез арада телефон арқылы 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

**ТӨБЕДЕН ҚАР НЕ МҰЗ
ҚҰЛАМАУЫ ҮШІН**

Қыста және көктемде ғимараттардың төбесінде көп мөлшерде қар жиналуы мүмкін, сонымен қатар айтарлықтай мөлшерге жететін мұздықтар пайда болуы мүмкін. Қазіргі уақытта мұздан жасалған «гирляндармен» безендірілген шатырлар мен карниздер аса қауіпті. Жыл сайын құлаған мұздан ондаған адамның өмірі қиылады. Бізге мұздықтар шатырларға мықтап

қатып тұрғандай көрінгенімен, кез келген уақытта құлап кетуі мүмкін. Сондықтан ғимараттардың қабырғаларына, балкондардың астына жақын жүрмеуге тырысу керек.

Мұндай жағдайға тап болмас үшін:

- Төбесінен қар еруі мүмкін

- Егер адамға ғимараттың төбесінен мұз немесе қар құлап кетсе, жедел жәрдем шақыру керек.

**ҚАР БАСУ, БОРАН,
КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕГІ
ІС-ҚИМЫЛ**

Жыл сайын қысқы мерзімде халық тек қана төмен температураның әсер етуінен ғана емес, сондай-ақ қар басу, боран, көктайғақ сияқты табиғат құбылыстарынан зардап шегеді. Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайының құрбаны болмас үшін кебір ауа райы факторлары пайда болғанда өз-өзін ұстау ережелерін білу керек.

Қатты боран туралы ескерту алған кезде не істеу керек:

- Терезелер, есіктер, шатырлардың есіктері мен желдеткіш тесіктерді бекітіп жабу қажет;
- Терезе әйнектерін қағаз лентамен жабыстырып, қалқандармен жауып қою керек;
- Электр қуатын сөндіру мүмкіндігіне дайындалу;
- Су, тамақ, медикаменттер, жеке жарық беретін құралдар (шамдар, керосин шамдары)/жанғыштар, балауыз шамдар);
- Сапарға арналған плитка, батареикалы радиоқабылдағыш дайындау;
- Балкондар мен терезе астынан ауа ағынымен ұшып кететін заттарды алып тастау;
- Теледидар мен радиоқабылдағыштарды әрдайым қосылған күйде ұстау керек, өйткені аса маңызды ақпараттық хабарлама түсуі мүмкін;
- Жеңіл құрылыстардан бекім ғимараттарға өтіңіз;
- Қарды жинау үшін құралдар дайындап қойыңыздар.

Қатты боран кезінде өз-өзін ұстау ережелері:

- Үйден тек қана аса маңызды жағдайлар шығуы керек, егер осындай жағдайлар болса, онда отбасы мүшелеріне, көршілерге, қайда кеткеніңіз бен шамамен оралатын уақытыңызды айтыңыз;

қорын үнемді пайдалануға тырысыңыз.

**СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАЛАЙ
ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?**

- Егер сіздің ауданыңыз жиі су тасқынынан зардап шегетін болса, су тасқынының ықтимал шекараларын, сондай-ақ тұрғылықты жерлерге жақын орналасқан биік, сирек су бастатын жерлерді, оларға барудың ең қысқа жолдарын зерттеп, есте сақтаңыз.

- Отбасы мүшелерін ұйымдасқан және жеке эвакуациялау кезіндегі, сондай-ақ кенеттен және қарқынды дамып келе жатқан су тасқыны кезіндегі мінез-құлық ережелерімен таныстырыңыз.

- Эвакуация кезінде қажет болатын қайықтарды, салдарды және құрылыс материалдары орналасқан орынды есте сақтаңыз.

- Эвакуация кезінде шығарылатын құжаттардың, мүліктердің және дәрі-дәрмектердің тізімін алдын ала жасаңыз.

- Арнайы чемоданға немесе рюкзакқа құндылықтарды, қажетті жылы заттарды, азық-түлік, су мен дәрі-дәрмектерді салыңыз.

- Үй жануарларын қауіпсіз жерге ауыстыруға дайындалуды қарастырыңыз.

Су тасқыны қауіпі туралы және эвакуация туралы дереу хабарлау сигналы бойынша белгіленген тәртіптен апатты су тасқыны болуы мүмкін қауіпті аймақтан белгіленген қауіпсіз ауданға немесе жергілікті жердің биік учаскелеріне шығыңыз, өзіңізбен бірге құжаттарды, құндылықтарды, қажетті заттарды және бүлінбейтін азық-түліктің екі тәуліктік қорын алып кетіңіз. Жақын эвакуация пунктінде тіркеліңіз.

- Үйден шықпаса бұрын электр қуаты мен газды өшіріңіз, жылыту пештеріндегі отты сөндіріңіз, ғимараттардың сыртындағы барлық қалқымалы заттарды бекітіңіз немесе оларды қо-



ғимараттарға жақындамаңыз және балалардың мұндай жерлерде болуына жол бермеңіз;

- Балаларға қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескертіңіз;
- Егер қоршау болса, қауіпті орынның алдын алатын анықтатары (тақтайшалары) болса, қоршаудан өтуге тырыспаңыз, айналдырып өтіңіз;
- Шатырдың шетінен қар, мұз (мұздықтар) құлағаннан кейін, қар мен мұз шатырдың қалған бөліктерінен де түсуі мүмкін, сондықтан егер жаяу жүргіншілер жолында бұрын жауған қардың ізі немесе мұз санықтары көрінсе, онда бұл жердің қауіптілігін көрсетеді;
- Егер сіз жаяу жүргіншілер жолымен жүру кезінде жоғарыдан күдікті шу естіген болсаңыз, тез қашыңыз. Бұл қардың түсуі немесе мұз болуы мүмкін. Өтіп кету мүмкін болмаған жағдайда, қабырғаға мүмкіндігінше тез жақындап тұру керек, шатырдың визоры сізге қорғау болады;

- Үйден жалғыз кетуге рұқсат етілмейді;
- Автокөлікпен алыс жолға шықпаңыз;
- Көлік құралы сынып қалған кезде дабыл беріп, капотты ашып, антеннаға жарқын мата іліп, көмекті көліктің ішінде күту керек;

Автокөліктен шыққан кезде көру аумағында қалу керек;

- Жолдан жаяу жүріп адасып қалсаңыз, кез келген үйге кіріп, оның тұрған жерін анықтап, сонда боранның аяқталуын күтіңіз;
- Егер шаршап қалсаңыз, баспана тауып сонда қорғанып демалыңыз;
- Егер қатты бораннан кейін қар астында қалсаңыз, бірінші, өз бетіңізше шығу мүмкіндігінің бар-жоғын анықтаңыз (қолда бар құралдарды қолдана отырып).

- Егер сіз қардың астынан өз күшімен шыға алмасаңыз, құтқару бөлімшелерімен байланыс орнатуға тырысыңыз. Жылуды сақтап, азық-түлік

салқы бөлмелерге қойыңыз. Уақыт болса, құнды үй заттарын жоғарғы қабаттарға немесе тұрғын үйдің шатырына жылжытыңыз. Терезелер мен есіктерді жабыңыз, қажет болса және уақыт болса, терезелер мен бірінші қабаттардың есіктерін тақталармен (қалқандармен) сыртынан бекітіңіз.

- Ұйымдастырылған көмек келіп жеткенше ғимараттардың жоғарғы қабаттары мен шатырларында, ағаштарда немесе басқа да биік заттардың үстіне шығып күтіңіз. Бұл жағдайда үнемі апат сигналын беріңіз: күндіз биікке көрінетін матаны ілу немесе сермеу арқылы, ал қараңғы уақытта жарық сигналымен және мезгіл-мезгіл дауыстап көмек шақырыңыз. Құтқарушылар келгенде дүрбеленсіз және әбгерсіз, сақтық шараларын сақтай отырып, жүзу құралына ауысыңыз. Құтқарушылардың талаптарын қатаң сақтаңыз.



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Суицидтің біздің елде көбеюінің қоғамдық, әлеуметтік, психологиялық жағдайы себептері бар. Әсіресе, суицидтің балаларға қарай ауыз салуы – ең қорқынышты көрініс, соның ішінде мектеп жасындағы балалардың бұған шарпылуы «жалғыздық» деген рухани дерттің бірден-бір емі «өлу» деп шешетін сана ауытқуы деп қорытындылаған.

Астана қаласы полиция департаментіне «Астана ақшамы» газеті редакциясы атынан арнайы хат жіберген едік, «Елорда бойынша 2022 және 2023 жылдары суицид оқиғаларының қаншасы тіркелді? Себептері бар ма? (мысалы, комп. ойындарынан ұтылу, несиеге кіру, ата-анамен жанжал, т.б. қандай себептері бар, суицид әрекетіне барған адамдармен департаменттің психолог мамандары жұмыс істей ме, нәтижелері қандай?» деген сауалдарға департамент бастығы, полиция генерал-майоры М.Төлебаевтан мынадай жауап келді: «Астана қаласының полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың қаңтар айында 12 суицид оқиғасы тіркелді. Суицид әрекет жасаудың басты себептерінің бірі – жақындары мен туыстары тарапынан түсінбеушілік, сүйіспеншілік пен қолдаудың болмауы. Сондай-ақ туыстарымен жанжал (ұрыс, сөзге келіспеушілік), дұрыс тәрбие бермеу, технология мен әлеуметтік желілердің әсері, дәрі-дәрмек қолданудың мөлшерін білмегендік (ауырсынуды басатын дәрілерді мөлшерден тыс қолдану)».

Мысалы, мектепте, біртоға момын балаларды бұзық мінезді балалар үнемі басынуы, осындай біртоға балалардың әртүрлі шаралардан шетқалмай қалып қорлануы, сабағының нашарлау көрсеткіште болуынан әркез төменшік жүруі, өз үйінде де ата-анасының мейірім назарынан тыс қалуы, сөйте тұра осындай біртоға балалар «еліктегіш», «көргіш», «естігіш» секілді серек балаларға қарағанда «сезгіш» болуы әлгіндей айналасынан келіп жатқан жайсыз әрекеттерден жандуына несие түскен ауыртыпалықтарды ұзақ көтеруге шамасы жетпей, жас көңілі мына сұрқай өмірден әбден түңіледі екен.

Түңілудің соңы тұйыққа тірелу, алды тас қараңғы ілгері басар жолы қалмаған, арты әлгіндей қатыгез... Міне, мойнына бір жіп салса болды, онсыз да бүкіл болмысы өлім торына келіп өзі түсіп тұр!

Сондықтан, психологтар кәдімгі аурудың диагнозын тапқан дәрігерлер секілді осындай момын, біртоға балаларды танып, оны әлгіндей «рухани жалғыздықтан» шығарудың жолын ашуы тиіс. Оның ең тиімді әдісі – өзін тәмен санайтын баланың да ерекше қабілеті бар екенін біліп, сол қабілетін көрсетуге, ашуға көмек беру, қандай бір жетістікке жеткенше көтермелеп отыру, солайша ол баланы өмірге ынталандыру.

ДІН НЕ ДЕЙДІ?

Дәстүрлі дін қағидалары бойынша «адамның өзін-өзі өлтіруі ауыр күнә» саналады. Сондықтан, жалпы мұсылман танымы бар заманда – бұдан бір-екі ғасыр бұрын суицид болмаған, болса да мүлде сирек кездескенін тарихи кітаптардан, әдеби шығармалардан-ақ байқауға болады.

«Суицид, өз-өзіне қол жұмсау Ислам дінінде ауыр күнәға жатады. Өйткені өзін-өзі өлтіру шариятта Жаратқанның жаз-

СУИЦИДТІҢ АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Қоғамдағы ең күйіп тұрған мәселенің бірі – суицид адамның өзіне-өзі қол жұмсауының азаймай отырғандығы. Мұны Абай мен Шәкәрім заманында ешкім түсінбес еді, бірақ қазір бұл мәселе қоғамның басты дертіне айналды. Кибербуллинг құрбандары да Қазақстанда күннен-күнге көбейіп бара жатқанын ілгеріде газетімізде жаздық.

мышына қарсы шыққанмен тең. «Алла Тағала былай дейді: «...Және де өз-өздеріңді өлтірмеңдер. Расында, Алла сендерге мейірбан ғой. Ал кімде-кім дұшпандықпен, зулымдықпен солай істейтін болса, біз оны тозақта өртеміз. Олай ету Алла үшін оңай» (Ниса, 29, 30). Тіршілікте көрген тауқыметі үшін өмірден баз кешіп, өз-өзіне қол салу Құдай Тағаланың қаһарына мен туыстары тарапынан түсінбеушілік, сүйіспеншілік пен қолдаудың болмауы. Сондай-ақ туыстарымен жанжал (ұрыс, сөзге келіспеушілік), дұрыс тәрбие бермеу, технология мен әлеуметтік желілердің әсері, дәрі-дәрмек қолданудың мөлшерін білмегендік (ауырсынуды басатын дәрілерді мөлшерден тыс қолдану)».

АЛДЫН АЛУҒА БОЛА МА?

Алайда кез келген індеттің емі болатыны секілді суицидтің де алдын алуға болады дейді қазақстандық суицидолог мамандар.

Былтырғы жылы Астанада өткен пікір алмасуға қатысқандар осындай қорытындыға келді.

“

«Астана қаласының полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың қаңтар айында 12 суицид оқиғасы тіркелді

Шараны Еуропалық Одақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Денсаулық сақтау министрлігі, сондай-ақ Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Қазақстан Медиа Альянсы ұйымдастырды.

Елордалық психикалық денсаулық орталығының психотерапевті, суицидологы Екатерина Миронова қайғылы статистиканы келтірді. Анықталғандай, әлемде өзіне-өзі қол жұмсаулардың күнделікті саны шамамен 2200 жағдайды құрайды, бұл күніне 15 ұшақ апатына тең.

Бұл психикалық процесс емес, ол үшін рухани байланыс, эмоционалды қолдау қажет, сонда адам біреуге керек екенін сезінеді, біреу оның тірі қалғанын қалайды. Ереже бойынша емес, шарт бойынша емес, жай адамгершілік негізінде. Өлімге дайын адам мұндай жанды кездестірсе, райынан қайтады. Сіз жанашыр адам болуыңыз керек, бұл – ең бастысы» деп атап өтті суицидолог.

Оның ойынша, адамды

кінәлауға, моральдық тұрғыда айыптауға болмайды, ісін ұятқа санап, қорқытуға болмайды. Мұның бәрі байланысты үзеді. Оның сезімін жоққа шығарып, оның басына түскен жағдайды сынауға болмайды.

«Қазіргі қоғамда БАҚ суицидтің алдын алуда маңызды рөл атқара алады. Өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойлайтын адамдардың көпшілігі бұл әрекетке екіұшты көзқарас танытады. Олар шынымен өлгісі келетініне күмәнмен қарайды. Әлсіз адамды өз-өзіне қол салуға итермелейтін факторлардың бірі БАҚ-та суицид туралы жиі жариялануы болып табылады. Яғни, суицид оқиғаларын кеңінен тарату суицидке бейім адамдарға кері әсер етуі мүмкін» деп атап өтті Қанат Сахария.

Ол сондай-ақ журналистер мен бас редакторларға арналған декларацияның жобасын ұсынды, онда кәсіби қауымдастықты БАҚ-та суицид туралы ақпараттарды егжей-тегжейлі айтып ашақырды. Яғни, материалда өзіне-өзі қол жұмсаудың орны, әдісі, себептері сияқты мәліметтерді ашау керектігін айтты. Себебі мұндайда, суицидке бейім адамдар сипатталған істі әрекетке нұсқау ретінде қабылдауы мүмкін. Ол «Вертер эффектісі» деп аталады.

Өз кезегінде ДДҰ-ның Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, доктор Кэролайн Кларинвал 2008 жылы ДДҰ мүше елдерде психикалық, неврологиялық ауруларға қызмет пен көмек көрсетуді кеңейту үшін «Психикалық денсаулық бойынша айырмашылық» бағдарламасы іске қосылғанын жеткізді. ДДСУ Қазақстанда бұл бағдарламаны жүзеге асыруға қолдау көрсетуде.

ДДСҰ-ның Қазақстандағы өкілдігінің ұлттық психикалық денсаулық жөніндегі кеңесшісі Николай Негай психикалық денсаулыққа не әсер ететіні туралы айтты.

«Бұл биологиялық компоненттер: генетикалық және биологиялық сипаттамалар, тұлғалық сипаттамалар, физикалық аурулардың болуы немесе даму ерекшеліктері. Психологиялық компоненттер: күйзеліс және дистресс, психологиялық тұрақсыздық. Әлеуметтік компоненттер: адамның қоғаммен байланысы және қоғамның оған байланысы. Осы үш құрамдас бөліктің барлығы сәйкес келген кезде ғана суицид орын алады. Яғни, өзіне-өзі қол жұмсау әрбір адам үшін өте ұзақ процесс екенін түсіну керек, бұл бірнеше айдан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Ең бастысы, әр кезеңде біз мұның алдын алуымызға болады» деп атап өтті спикер.

«Келешек» психологиялық орталығының және «Замандас

21» қоғамдық қорының психологы Варвара Полякова «Замандас» қорының 10 жылдан бері балалар мен жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыру бағытында жұмыс істеп жатқанын айтып берді. Ол сонымен қатар жасөспірімдерде пайда болатын суицидтік мінез-құлқының себептерін келтірді. Олардың ішінде өлім туралы қалыптаспаған түсінік; қоғамда идеологияның болмауы; өкініштерге әкелетін ерте жыныстық өмір; отбасындағы келіспеушілік; аутодеструктивті мінез-құлық; отбасыишілік, мектепшілік немесе топшілік қарым-қатынасқа наразылық реакциясы; депрессия.

Еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жеткіншек кибербуллингтің құрбанына айналады екен. Ғаламторда отырған баланың жеке басына тиісу, түр-тұлғасын кемсітіп, ар-намысын қорлау, аяққа таптау, одан қалды қарғап-сілеудің салдары одан да қорқынышты. Рас, бұрын-соңды еліміздің заңнамасында «кибербуллинг» термині болған жоқ. Бұған дейін әлеуметтік желіде адамды балағаттау, психологиялық қысым көрсету, түрлі сөздер арқылы өлімге итермелеу Қылмыстық кодекстің негізінде қаралады. Яғни осы кодекстің 105-бабы «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бойынша кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер үшін үш жылдан сегіз жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Кибербуллинг жасайтын-дардың арасында педофильдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап-арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суретін салуға көндіреді. Кейін сол суретті жұртқа жария етемін деп қоқан-лоқы жасау арқылы кездесуге шақырады не ақша бопсалайды. Ал қысымға шыдамай, шарасыз күйге түскендері көп жағдайда өзіне қол салады. Сарапшылардың сөзінше, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті проблемаға айналған. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес.

КІМ КӨМЕКТЕСЕ АЛАДЫ?

БҰҰ адам құқықтары жөніндегі тренері, әлеуметтанушы Халида Әжіғұлованың айтуынша, балаларды ғаламторлық қысымнан қорғайтын заң 21 елде бар. Ал Қазақстанда кибербуллингтің құрбандары туралы ешкім статистика жүргізбейді. Сондықтан мамандар Ұлыбритания мен Ресей тәжірибесінің негізінде буллингтен қорғану туралы кодекстің үлгісін әзірлеген. Онда тек виртуалды кеңістікте ғана емес, жалпы зомбылық көрген балаларға көмектесу жолдары

“

ДДСҰ статистикасына сәйкес, Қазақстан суицид саны бойынша 20-орында тұр, ал 10-19 жастағы жасөспірімдер арасында 10-орынға орналасқан. 2021 жылы елімізде өзіне қол жұмсағандардың саны 3922-ні көрсеткен. Өз-өзіне қол салу оқиғаларына зер салсақ, әйелдерге қарағанда ерлер арасындағы өлім-жітім екі есе жоғары. 100 мың адамға шаққанда ерлер арасындағы көрсеткіш 834,83 болса, әйелдерде – 452,07

туралы ата-ана мен ұстаздарға нұсқаулар жазылған. Қалалық Білім басқармасы мен барша мектеп ұжымы осы бағдарламаны жетілдіріп, бекітуі тиіс. Сөйтіп балаларды бопсалау мен қысымнан қорғап, аман алып қалуға болады.

Бұл тұрғыда шынында да журналистер үшін суицид фактілерін жариялау бойынша оқыту семинарлары керек-ақ. Сондай-ақ адамдардың 111, 112, 150 «Сенім» телефондарына психологиялық көмекке жүгіне алатынын еске саламыз. Барлық мектеп пен колледжде сенім және шұғыл көмек телефоны бар.

Бүгінде қаланың білім беру ұйымдарында «BalaQorgau» веб-сайтының жобасы бойынша QR-кодды бар ақпараттық тақтайшалар бойынша педагогтар, оқушылар және ата-ана арасында түсіндіру жұмысы жүргізілуде.

Балалар мен олардың ата-анасы сайтқа тақтайшадан QR-кодты сканерлеп, қажетті көмек туралы хабарлап, балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мамандардан консультация ала алады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен отбасылардың өтініші тәулік бойы қабылданады және қаралады. Әрбір жағдай барлық мән-жай анықталғанға және жағдай толық шешілгенге дейін бақылауда болады.

ЭДИСОН АНАСЫНЫҢ МАХАББАТЫ

Әлемдегі ең танымал ғалым әрі өнертапқыштың бірі,

3 мыңнан астам патенті бар Томас Эдисонның өмірі өте қызықты, тағылымға толы. АҚШ-тың Огайо штатындағы Милан қалашығында орта таптың отбасында дүниеге келген ол 7 жасында алғаш рет мектепке барды, бірақ ол тек 3 айға созылды. Бір күні мектептен оралған кішкентай Томас анасына мұғалімінен хат әкеліп береді. Анасы хатты ашып оқығанда, көз жасына булығып, сөйлеуге шамасы келмей қалады. Анасының күйзелген түрін көрген баласы, не болғанын түсінбей, анамды ренжітіп қойдым ба, оның жүрегін жаралап алдым ба деп оның жүзіне үрейлене қарайды. Эдисон анасының жылағаны үшін өзін кінәлі сезінді. Соны байқаған анасы өзін қолға алып, ұлының бетіне күлімсірей қарады. Сол сәтте Эдисонға анасының нұрлы жүзінен күллі әлем жарқырап кеткендей боп сезілді. Нәнси хатты дауыстап оқи бастады. Бойын мақтанш сезімі кернеген анасының дауысы Томасқа сенімді әрі қуанышты болып естілді. Мұндайды күтпеген кішкентай бұлдіршін сәл іркіліп, анасына таңдана қарады.

«Сіздің ұлыңыз – өте талантты. Бұл мектеп оған қажетті білімді бере алмайды, мұнда ондай дарынды оқыта алатын мұғалім де жоқ. Оны үйден оқытқаныңыз жөн» деп хатты мәнгерлеп, бар ықыласымен мақтана оқып, хатты бүктеп, қалтасына салды да, ұлын мейірлене құшағына қысты. Ондаған жылдардан соң, анасы өмірден өткеннен кейін, әлемге танымал өнертапқыш, Американың өзінде 1093, әлемнің өзге елдерінде 3 мыңға жуық патентті иегері, фонограф, қыздырушы шамдар, батарея, ұзақ жанатын шамдар, электр стансасы сияқты өзге де техникалық жаңалықтарды ашқан Томас Эдисон үйдің шатырынан отбасылық мұрағатты тауып алады. Оның көзіне анасы сақтаған ескі хаттардың бумасы түседі. Хаттарды қолына ұстаған Эдисон байқаусызда оларды еденге шашып алады. Солардың ішінен кезінде өзі мектептен әкеп беріп, анасына оқытқан ескі хатты көзі шалады. Оның ішінде былай деп жазылған еді:

«Сіздің ұлыңыздың ақыл-есі жетілмеген. Біз оны өзгелермен қосып, мектепте оқыта алмаймыз. Сондықтан оны өзіңіз үйден оқытқаныңыз абзал». Эдисон көз жасын тия алмай, бірнеше сағат бойы жылайды. Бұл шындық сол кезде ашылса, бәлкім, бала өмірден түніліп, өзіне қол салар ма еді, кім білсін?! Осылайша Нәнси Элиот өзінің ақыл-есі жетілмеген ұлынан данышпан адамды тәрбиелеп шығарды. Ол баласын интеллектуалды тұрғыда дайындау ғана емес, сонымен бірге ол оған тарихтағы ең маңызды тұлғалардың бірі болуға көмектесетін шексіз қызығушылықты оята алды.

Қайтсек те, суицидтік көңіл-күйдің алдын алу іс-шараларына бейжай қарамауымыз қажет. Осы тақырып ғаламтор жайлаған жаһандану заманындағы ең өзекті мәселенің бірі ретінде қала береді. Қазақтың табиғатына жат болғанмен, қауіп-қатері елді шарпыған бұл індеттен қалай да құтылуымыз қажет.

Әзірге суицидтің алдын алу үшін қоғамдық мейірімді ояту, бақуатты жандардың кедейлерге қол ұшын беруі, әлділердің әлсіздерге жанашырлық жасауы, бір елде өмір сүріп жатқан адамдардың бір-біріне жылылық танытуы, ата-аналардың балаларымен жылы қарым-қатынаста болуы, көбірек сөйлесуі, көпбалалы аналарға жағдай жасау, балалармен басы қатып жүрген мектеп мұғалімдерінің еңбегін бағалау, олардың емін-еркін жұмыс істеуіне жағдай жасау – бәрі-бәрі кезек күттірмейтін іс.

БЕРІК ОТБАСЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Әулеттің бүтіндігі, отбасының ауызбіршілігі мен татулығы, бала құқығының қорғалуы – ел іргесін бекіте түсер басты құндылықтар. Алайда түрлі себептермен елімізде отбасы институтының беріктігіне сына қағып жатқан жайттар аз емес. Мұның бәрі қоғам болмысына тікелей әсер етеді. Осы орайда елорданың әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Отбасы және қоғамның өзекті мәселелері. Ата-аналар қауымымен жұмыс жасаудың басым бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

Жиын Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі Әсіма Бимендинаның ұйымдастыруымен өткізілді. Іс-шараға қатысқандардың арасында Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Элина Паули, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, Астана қаласының Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Марс Ғалиев, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мектеп директорлары мен орынбасарлары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар, психологтар, ата-аналар болды.

Басқосуда ата-аналармен жүйелі жұмыс істеу, оларға көмек көрсету және кей отбасылардың шешілмей жатқан мәселелері сөз болды. Отырыста Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев тақырыптың өзектілігін өз сөзінде атап өтті.

– Бала құқығына, отбасыға қатысты мәселелерді осындай дөңгелек үстелдерде талқылау өте дұрыс деп ойлаймын. Отбасылық мәселе – тек Астананың немесе Қазақстанның ғана мәселесі емес, бұл күллі әлемнің проблемасы. Баланың ата-анамен қарым-қатынасында туындайтын мәселелер бұрын да болған, қазір де бар. Тіпті бұл мәселе ортақ шешімін таппаса, алдағы күндері де болады, – деді басқарма басшысы.

Қасымхан Сенғазыев қазіргі

кезде ата-аналармен жұмыс істеу барысында бұрынғы дәстүрлі әдіс-тәсілдердің ескіргенін, сол себепті жаңа технологияларға негізделген заманауи үдерістерден қалмау керектігін тілге тиек етті.

– Мектептегі қандай да бір жиынға немесе іс-шараларға шақыратын болса, ата-аналардың құлықсыздық танытатынын байқап жүрміз. Олар тәлім-тәрбие, баламен қарым-қатынас жайлы айтатын әлеуметтік желідегі түрлі бизнес-коучтардың сөзіне көбірек сенеді. Мысалы, қазіргі кезде ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты сөз етіп жүрген Асхат Әбжанов есімді блогер бар. Жақында елордадағы №63 мектепте осы педагог-коучтың қатысуымен ата-аналар жиналысы өтеді деп әлеуметтік желі арқылы хабарландыру бердік. Кездесу болған күні мектептің акт залында ине шаншар орын болмады. Бос орын болмаса да ата-аналар бірнеше сағат тікесінен тік тұрып тындады. Міне, бұл да заман талабына сай бейімделуге қарапайым мысал бола алады, – деді Қ.Сенғазыев.

Оның айтуынша, оқушылардың сынып жетекшілерімен қарым-қатынасында да бірқатар мәселе бар.

– Бүгінде әр сыныпта шамамен 30-дан аса оқушы білім алады. Бұрын мұғалімдер 5-сыныпта қабылдап алған оқушыларға 11-сыныпқа дейін сабақ бергісі келетін еді. Ал қазір керісінше. Мұғалімдер сынып алуға асықпайды. Алайда оқушылар

үшін сынып жетекшісі – екінші анасы. Уақыттың басым бөлігін оқушылар мектепте сынып жетекшісімен бірге өткізеді. Сондықтан сынып жетекшісінің жиі өзгеруі де баланың тәрбиесіне әсер етпей қоймайды, – деді Қ.Сенғазыев.

Сөз соңында басқарма басшысы гаджеттерге тәуелділік баламен қоса ересектердің де проблемасы екенін жеткізді.

«Қазіргі таңда басты мәселелердің бірі гаджеттерге тәуелділік екені рас. Бұған балалар ғана емес, ересектер де тәуелді екені баршамамызға мәлім. Кей ата-аналар баланың телефонда аз отырғанын қалайды. Бірақ біз бұған тыйым сала алмаймыз» деді қалалық басқарма басшысы.

Астана қаласының Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі Әсіма Бимендинаның айтуынша, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында өткізілген жиынның қатысушылар үшін берері мол.

«Әр мемлекеттің болашағы, қуанышы, бақыты – балалар мен жас ұрпақ. Сондықтан балалардың жағдайы, ата-аналардың тәрбие беруде кезігетін өзекті мәселелері көптеп келеді. Сондықтан алдағы уақытта ұстаздар, психологтар, қоғам белсенділерімен бірге түйткілді мәселелердің шешілуіне бағыт-бағдар беріп, дұрыс жолға салу – басты міндетіміз. Екінші айтар мәселе, мектептердегі тәрбие жұмысы тек мұғалімдерге

ғана емес, ата-аналарға да тікелей қатысты. Баланы тәрбиелейтін ата-ана, мектеп, қоғам үштігі бірге ұйысса, тәрбиенің жүйелі болары сөзсіз. Бала – әр ата-ананың бақыты, мемлекеттің байлығы. Балалар саны жыл санап артса, ел үшін қуаныш. Балалы отбасы – мемлекет тірегі екенін ұмытпаған дұрыс» деді ол.

Елорданың Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі қоғамда жетім балалар, шаңырағы шайқалған отбасылар санын азайту – басты мақсаттардың бірі екенін атады. Сондай-ақ спикердің сөзінше, ата-аналар арасында бала тәрбиесіндегі, отбасылық қатынастардағы мәселелерді анықтау мақсатында 2022 жылдың желтоқсан айында арнайы сауалнама жүргізілді. Оған елордадағы 40 мектеп оқушыларының ата-аналары қатысып, нәтижесінде 30 364 адамның жауабы алынды.

«Сауалнамада екі ғана сұрақ қойылды. Алғашқы сұрақ баланы тәрбиелеудегі қиындықтар туралы болса, екіншісі, бұл қиындықтарды шешу жолдарына бағытталды. Жауаптардың барлығын қарастырып, осы тұста білікті мамандармен талқылау жүргізілді» деді Ә.Бимендина.

Жиын барысында «Қоғамның жаңаруы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Владимир Евдокимов сауалнама нәтижесімен бөлісіп, ата-аналарды алаңдататын мәселеге тоқталды.

– Сауалнама нәтижесі бойынша біз ата-аналарды алаңдататын біраз мәселені білдік. Мәселен, ата-аналардың басым бөлігі баласының жауапкершілігінің төмендігіне алаңдайтынын айтты. Бастысы, осы мәселені олар түрлі әдіс арқылы шешкісі келеді. Біз өз тарапымыздан оларға аталған мәселенің шешу жолын ұсынамыз, – деді Владимир Евдокимов.

Отбасының жағдайы оңалмай, мемлекеттің әлеуметтік жағдайы да оңалмайды. Ал отбасы мәселесі әлеуметтік мәселе, тәрбие мәселесі, қауіпсіздік мәселесі секілді біршама тақырыптарға саяды деген қатысушылар қоғам арасында сақталып отырған түйткілді түйіндерге тоқталды. Сонымен қатар жиын барысында ата-ана мен бала қарым-қатынасы арасындағы мәселеге қатысты Астана қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Саркенова, «Qoldau» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігінің басшысы Фарида Сағындық, Астана қаласы Полиция департаменті Ювеналды полиция бөлімінің басшысы Нәзля Дошанова, елордадағы №91 мектеп-гимназияның директоры Алмагүл Сергізбай және өзгелері өз ой-пікірлерін ортаға салып, оны шешудің үйлесімді жолдарын да атады.

ТҰРАҚТЫ ТҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ӨЗГЕРДІ

ҚР Ішкі істер министрлігі шетелдіктің Қазақстанда тұрақты тұруына рұқсат беру қағидаларына қандай өзгерістер енгізілгенін мәлім етті.

Қазақстанда көші-қон келісімдері бар елдердің азаматтары біздің елімізге ішкі құжаттармен кіре алады, шыға алады, транзитпен өте алады, жүре алады және уақытша бола алады.

Алайда шетелдіктің Қазақстанда тұрақты тұруына рұқсат алу үшін шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын және олардың құқықтық мәртебесін растайтын құжат ретінде шетелдік паспорт қажет.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру үшін 6 қаңтар күні ІІМ-нің бұйрығымен тұрақты тұруға рұқсаттар ресімдеу қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Енді шетелдіктерге тұрақты тұруға өтініш берген күні жарамдылық мерзімі кемінде 180 күнтізбелік күнді құрайтын өзінің шетелдік паспорттың ұсыну қажет.

Уақытша тұруға рұқсат алу үшін тұрғын үй иесінің, оның атынан сенімхат бойынша әрекет ететін адамның баруы не болмаса меншік иесінің нотариалды расталған келісімі қажет.

Өзгерістерге сәйкес рұқсатты ресімдеген кезде көрсетілетін мекенжайда оның тіркеу коды болуы тиіс. Осы шаралар шетелдіктерді жоқ мекенжайларға, сондай-ақ өтініш иесіне қатысы жоқ мекенжайларға тіркеу мүмкіндігін жою мақсатында қабылданды.

КӨҢІЛ АЙТУ

БОСТАН СӘБИТҰЛЫ ШАХМАНОВ

Шахманов Бостан Сәбитұлы Қорғалжын ауданы, Кеңбидайық ауылында 1934 жылы туған. Қоғам қайраткері, биология ғылымдарының кандидаты, доцент. С.Сейфуллин атындағы КазАТУ-дің «Құрметті қызметкері», ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Еңбек ардагері», «Тыл еңбеккері», ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің «Құрметті ардагері», «Қорғалжын ауданының құрметті азаматы» бұл фәниден бақылыққа өтті.

Бостан Сәбитұлы – өмірін ауыл шаруашылығына арнаған ғалым, ұстаз, қайраткер жиырмаға жуық оқулықтың және әдеби кітаптардың авторы.

Бостан Сәбитұлы қоғам жұмысынан қол үзбей 15 жылға жуық Астана қаласының Алматы, Есіл аудандарының Ардагерлер кеңесі төралқа мүшесі, Астана қаласы Мемлекеттік тіл қозғалысы төралқа мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерді атқара отырып, кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырған қымбатты да абзал жан еді. Марқұмның еңбегі жоғары бағаланып «Құрмет» орденімен марапатталды. Мәуелі бәйтерек иесі артынан өнегелі ұрпақ қалдырды.

Астана қаласының Ардагерлер кеңесі марқұмның отбасына, туған-туысқандарына және барша елордалық жерлестерге қатты қайғырып, көңіл айтады.

Есілов С.С., Болсанбеков Ә.Қ.,
Атығаева Р.Т., Аширов А.А., Даленов Е.Д.,
Жұмағатов С.С., Құсайынова У.А., Мұстафин М.К.,
Намашамамов К.Н., Шиврина Н.В.



БАСПАСӨЗ-2023

ЕЛДІҢ ТӨРІ – ЕЛОРДА ШЕЖІРЕСІ

«АСТАНА АҚШАМЫ»

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ



РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 42-43-52

ГАЗЕТКЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

| Индекс | Баспалық жазылу бағасы | Индекс | Баспалық жазылу бағасы |
|--------|------------------------|--------|------------------------|
| 65617 | 1 айға 430 | 15617 | 1 айға 500 |
| | 3 айға 1 335 | | 3 айға 1500 |
| | 6 айға 2 670 | | 6 айға 3000 |
| 65617 | 1 айға 629,71 | 15617 | 1 айға 889,71 |
| | 3 айға 1 889,13 | | 3 айға 2 669,13 |
| | 6 айға 3 778,26 | | 6 айға 5 338,26 |
| 65617 | 1 айға 740 | 15617 | 1 айға 920 |
| | 3 айға 2 220 | | 3 айға 2 760 |
| | 6 айға 4 440 | | 6 айға 5 520 |

va-reklama@mail.ru

www.astana-akshamy.kz

ҚАРАШЫҒЫНДА ҚАРА ӨЛЕҢ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбайдың «Қарашығымдағы қара өлең» атты шығармашылық кеші өтті. Кеш иесі мен Мұқағали Мақатаев бір күні туған. Осы тұрғыдан кештің кітапхананың ақиық ақынның аты берілген залда өтуі жарасымды болды.



Мұқағалидың туған күні ұлттық мерекеге айналды. Ғалым Жайлыбайдың жырларын да халық жақсы көреді. Оған өткен кеші дәлел, жұртың көп жиналғаны сонша, залда ине шаншар орын қалмады. Кеште ақынның шығармашылығы, адами болмысы жайында министрден бастап, көрнекті қаламгер, әдебиет сыншысы, қарапайым оқырман да пікірлерін айтты.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі

ақынды 65 жасымен құттықтап, алғаш танысқан күнді еске алды. Ақын шығармашылығына әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың жоғары баға бергенінің куәсі болғанын айтты.

– Айтматовтың өзінен үлкен баға алған Ғалым ағамызды қазір Алаш жырының ғана емес, жалпы түркі жырының төріндегі Ардакүрең, түркі поэзиясында да үлкен орны бар айтулы ақын деп бағалаймыз. Кең құлашты эпикалық жанрға да, гүл қауашағындай нәзік лирикаға да

қатар қанат қаққан, екеуін шебердің қолынан шыққан өрімдей қатар өрген кең тынысты ақын. Ағаның сазды өлеңі, кестелі сөзі, жарау аттай жұтынған жырлары әр буынның құрдасы да, сырласы да болары анық. «Ақ сиса», «Қара орамал», «Тамақөшкен», «Киік қашқан», «Сұрақ белгісі» сияқты сүйекті дүниелері өткен ғасырда халқымыз бастан кешкен зұлмат пен зобалаңды, қырғын мен сүргінді классиктерге тән дәлдікпен ширауы жеткен шымырлықпен жеткізді, – деді Дархан Қыдырәлі.

Мәдениет және спорт министрлігі архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш министр Асхат Ораловтың құттықтауын жеткізді. Көрнекті жазушы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдік қазақ поэзиясы барлық уақытта өте жоғары дәрежеде болғанын, соның бір көрнекті өкілі Ғалым Жайлыбайды бүгінгі әдебиет кеңістігіндегі құбылысқа балайтынын айтты.

Кеш иесінің өзі төл туындыларын, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері ақынның өлеңдерін оқыды. Оның өлеңіне жазылған әндер шырқалды.



АҚИЫҚ АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Кешке аталмыш өнер ұжымының классикалық және эстрадалық вокал бөлімінің (көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахымқызы) өнерпаздары, «Алем» эстрадалық би ансамблі және «Айналайын» балалар хоры қатысты.

Ақынның асыл мұраға айналған өлеңдері оқылып, жырларына жазылған әндер шырқалған концертте халық жүрегіне жол топқан шығармалар мен жаңа, тың туындылар ұсынылды.

Мұқағалимен бірге ең алғаш майталман музыкант Нұрғиса Тілендиев ән жаза бастаған еді. Екеуі 35 күн бірге жүріп, 31 ән жазды. Бұл қатарда «Сөнбейді әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауыңа», «Мен сендерді іздеймін», «Саржайлау» сынды әндерді атап өтуге болады. Ақиық ақынның өлеңдеріне

ән жазып, туындылары елге кең таралған композиторлардың арасында Тұрсынғазы Рахимов, Гүлнәр Дәуенова, Елена Әбдіхалықова, Дүйсенхан Сыздықов, Тұрсынжан Шапай, Кентау Назарбек бар. Мұқағалидың жырларына әлі де көптеген ән туып жатыр. Сондай жаңа әндер қатарына «Жылап қайттым өмірдің базарынан», «Шәмші қайда?», «Мен деп ойла», «Оралындар» туындылары қосылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ұлықпан Жолдасов, Света Айтбаева,

Алтынай Жорабаева, Арайлым Рахымқызы, халықаралық және республикалық байқаулар мен фестивальдердің лауреаттары Сәулежан Тағзия, Зарина Омарова, Алтыншаш Мұқатаева, Ақбота Құснадин, Әкімхан Мәженов, Мұратбек Хайролда, Айдын Жұмабай, Әйгерім Ораз, Парасат Отан өнер көрсетті. Қазақтан шыққан тұңғыш бард ақын Табылды Досымның тұяғы Абыл Аяш кешке қатысып, әкесінің «Ұнатамын мен сені» әнін шырқады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

МҰҚАҒАЛИ КҮНДЕЛІГІ НЕ ДЕЙДІ?

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Күнделік» лирикалық кеші өтті. Қоюшы режиссері – Әли Бидахмет.



«Мен ХХІ ғасырдың құрдасымын. Бәлкім, одан кейінгі ғасырлардың да құрдасы шығармын» деген сөздерді күнделігіне жазып кеткен шайыр өзінің шығармашылық ғұмырын дәл болжағандай. Оның өлеңдері қазір де ел аузынан түспей жүр. Ал өнге айналғандары қаншама?!

Кеш барысында ақынның өмірінен сахналық қойылым қойылып, жырлары оқылды, сөзіне жазылған әндер шырқалды. Бір ерекше атап өтерлігі, Мұқағалидың «Есіңе мені алғайсың» өлеңіне екі ән жазылды. Оның алғашқысының авторы

ақынмен достықта, шығармашылық байланыста болған әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев болса, екіншісін Елена Әбдіхалықова жазды. Осы екінші ән елге кең тарап кетті. Кеште соның алғашқысы орындалды.

Foliant баспасының қолдауымен өткен кеште «Ашық микрофон» айдары ұйымдастырылып, мектеп оқушыларынан бастап, жасы ұлғайған адамдар ақынның өлеңдерін оқыды. Аталмыш баспа кеш қонақтарына арнайы естелік сыйлықтарды тапсырды.

Төлеген Қуанышев, кеш қонағы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Күй анасы» республикалық қорының жетекшісі:

– Мұқағали Мақатаев шын мәнінде халық ақыны ғой. Оның жазып кеткен өлеңдерінен өмір жолын таңуға болады. Жас кезінен өлеңге құмар болуымен қатар жастық шағын, Алматыға келуін, Лашын жеңгемізбен тұрмыс құруын, әріптестерінің түсінбеушілігін үлкен толғаныспен жазып кетті. Өзінің өлеңімен, терең ойымен қайталанбас ақын деп есептеймін. Кештің ұйымдастыру деңгейі жоғары болды. Бір «өтпеген-ай» бар, еліміздің ақындары төбесін көрсетіп, үндерін қосса, дұрыс болар еді. Әзірбайжан Мәмбетов ағамыздың атындағы театры ұжымының жас болса да, үлкен кәсіби деңгейдегі дайындығын көрдік. Біріншіден, кеш сахнада емес, халықтың ішінде ұйымдастырылды. Ақынның өмірінің куәсіндей, ортасында жүргендей әсер алдық. Оның өлеңдері, сөздеріне жазылған әндер жүректі қозғайтындай, тұла бойынды тебіртететіндей. Бұл жаңа көзқарастағы қойылым болды. Басқа елдерде «квартирник» тәрізді көрсетілімдер болады ғой, кеш сол сияқты жаңа үлгіде ұйымдастырылды. Жастар өте талантты екен.

Астананың М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры «Музыка мен сөз өнерінің үндестігі» атты музыкалық-поэтикалық кеш өткізді.

МУЗЫКА МЕН ЛИРИКА ҮНДЕСТІГІ

Көрермендер музыка мен лирика тығыз тоғысқан жылы атмосфераға енді. Әр дәуірдегі орыс ақындарының өлеңдерін театрдың танымал актерлері оқыды. Атап айтқанда, классикадан Михаил Лермонтов, модернистерден Александр Блок, Владимир Маяковский, Марина Цветаева, Валерий Брюсов, Николай Гумилев, Александр Вертинский, қазіргі поэзия өкілі Вера Полозкова сынды ақындардың өлеңдерін әртістер Светлана Фортуна, Денис Анников, Екатерина Максим, Ульяна Апрельская, Сергей және Дмитрий Маштаковтар жеткізді.

Кештің музыкалық бөлімі театрдың жаңа қызметкерлері Илья Марков, Владислав Чижов және Василий Упоровтың орындауындағы танымал орыс романстарынан тұрды.

